

Кенесарыны хан көтеру

Кенесарыны хандық сайлау жөнінде бірнеше аңыздар бар. Көтерілістің бірінші кезегінде Ақмола, Ақтау бекіністерін алған соң, бір орталық билік болуы қажеттігі туындады. Бір жағынан дендеп келе жатқан орыс әскері, екінші жағынан жүздеп тоғысып жатқан сарбаздарды басқару да уақыт қажеттігі болды. Кене ханды сайлау Ұлытау жерінде өтті. Бұл таңдауда осы өңірде өткен қазақ хандарының жолы Ұлытаудың географиялық орналасу себеп болды. Кенесарының ұлт-азаттық қозғалыста орны ерекше болды. Ол әскери қолбасы, саясаткер, тарихи тұлға болды. Кене ханның әскери өнеріне берілген бірнеше сипаттамаға тоқталсақ.

Россия ген. штабының подполк. М. Красовскийдің және Оренбург әскери губ. В. Перовскийдің есептерінен Кене хан туралы қанша өшпенділік болғанымен жеккөрініш, жиіркеніш жерлерін кездестірмейміз.

Штабс-капитан Фомаковтың (1844) рапорты: «...Умный, отважный потомок Аблая, успел все покушения сибирских отрядов против себя сделать тщетными, т.к. приобрел в этих странах некоторую славу как предводитель. К нему слетались роями все разбойники, скитавшиеся в сих местах...»

Әскери тарихшы Н. Коншин: «...Это был выдающиеся во всех отношениях человек, далеко стоявший выше таких вождей волновавшихся киргиз, как Худайменды Газин, Сиванкул Ханхожин и др. все они не были способны выйти из узкой сферы родовых киргизских отношений, и только в лице Кенесары Касымова мы встречаем в истинном смысле народного киргизского героя, мечтавшего о политическом единстве всех киргиз без различия племен и даже орд...».



Мейер («Киргизские страны»): «...враждебные к Кенесары киргизские правители бежали от степи на Оренбургскую линию. Вид удалого предводителя, часто рисковавшего жизнью под залпами оренбургских линейных батальонов и пушечной картечью, разносившийся далеко по степи, гул копыт легкой кавалерии, украшенной разноцветными знаменами и значками, веселые пиры со скачками после удачных набегов, большой охоты в степях на зверя и птицу, удачные отдельные подвиги Наурызбая и других сподвижников - все это сильно поражало воображение киргизского народа и расшевеливало в нем дремавшие инстинкты старой воинственности... Но в нем, при талантах военного человека, не было таланта правителя и нашей гибкой политике, что и спасло Среднюю Азию от крупных изменений в ее политическом составе...»

Тарихшы Смирнов: «...Победить энергичного Кенесары и вытеснить его из подвластной нам степи стоило больших трудов и расходов...», «...что касается киргизских отрядов, действовавших в союзе с нами, то он разбивал их без особого затруднения...»

Кенесарыны хандық сайлауға Алаша хан кесенесінің маңын тандап алынды. Себебі қазақ халқының қалыптасуында, қазақ хандығының ірге тасының қалануы осы кесенемен тығыз байланысты. Қазіргі Малшыбай ауылының маңында бірнеше тарихи орын қазірде сақталған. Мысалы Дүзен кесенесінің тұсында Хан ордасы, ауылдың солтүстік-батыс жағында хан қашты орны, оңтүстігінде Келінтам кесенесі т.с.с.

Кенесары мыңбасы, жүзбасы, сарбаздары шатырларын тігіп, сарбаздарды осы жерде күтіп, шамалы уақыттан соң Торғайдан Иман батыр, Елек пен Ырғыздың ортасын жайлаған Табыннан Жоламан батыр, өзінің үзеңгілес серіктері Ағыбай, Бұқарбай,

Жеке батыр, Құдайменді батырлар осы маңда бас қосады. Бұл баһадүрлерге кешікпей Жанайдар мен Бопай да келді.

Кенесары жасақтарының бас қосар жері Алашахан бейітінің жаны. Бұл ара, үш жүздің қазақтарына тең орталық. Есіл, Нұра бойын жайлаған Орта жүзге де, Елек, Жайық жағасындағы Кіші жүзге де, Балқаш пен Сыр, Жетісуды мекен еткен Ұлы жүзге де жер кіндігі. Оның үстіне Алашаханды қазақ өзінің ең алғашқы ханы деп білетін. Сол себептен Кенесары Абылай атасының сүйегі жатқан Түркістан көп руға қашық болғандықтан, еліміздің хандық туын тіккен ортасы еді ғой деп ырым көріп әдейі осы араны қалап алған.

Алашаханның моласы қазақ елінің ең алғашқы хандық туын тіккен он бесінші ғасырдың аса бір көрнекті ескерткіші. Жасыл төккен жазық далада көк отаудай алыстан көзге түседі. Бұл - тана көзденген өрнекті құмайт кірпіштен қаланған, биіктігі мен көлденеңі бірдей, зәулім төртпақ мола. Үстінде көгілдір сырмен бояған үлкен күмбезі бар. Ал моланың өзінің іші кең бөлме. Ортасында Алашаханның қабірі.

Міне осы маңда дәстүрлі қоғам рәсімімен хандық ақ киізге көтеріп, хандық сайланады.